

## Ақмола облысындағы Жайдарлы жаз - 2014

2014 жылғы жазғы кезеңде балаларды демалыспен, сауықтырумен және жұмыспен қамту мақсатында Ақмола облысындағы білім беру ұйымдарымен үш ай бойы жұмыс жүргізілді.

2014 жылы демалыс және сауықтырумен қамту **92,7%** пайызды құрайды. Ақкөл, Есіл және Шортанды аудандары, Көкшетау және Степногорск қалаларындағы балалар демалыспен және сауықтырумен толық қамтылды.

Балалар сауықтыру орталықтарында сауықтырылған білім алушылардың саны 9 655-тен 11 631 балаға артты, ол 11,7 % пайызды құрайды.

Мектеп жанындағы лагерьлерде 51 037 (51,6 %) бала сауықтырылды, мектеп жанындағы алаңдарда 11 065 (11,1%) білім алушы демалды.

Жазғы кезеңде облыста 3 563 (3,6 %) бала демалған 70 шатырлы, спорттық, киіз үйлі лагерьлер жұмыс жасады.

Санаторлық, профилакториялық және ата-аналарымен бірге 14 463 (14,6 %) білім алушы тынықты.

Ақмола облысында жазғы кезеңде білім алушыларды еңбекпен қамту мақсатында төмендегілер жұмыс жасады:

261 еңбек жасақтары, онда 5408 білім алушы қамтылды;

54 экологиялық лагерьлерде 847 бала қамтылды;

551 көгалдандыру бойынша бригадаларында 10 446 білім алушы жұмылдырылды;

99 мектеп орманшаруашылығында 2 039 білім алушы қамтылды;

32 және жөндеу-құрылыс бригадаларында 6 173 білім алушы қамтылды.

Бұдан басқа, жазғы кезеңде 305 білім алушы жұмысқа орналастырылды, 3 389 білім алушы ата-аналарымен бірге жұмыс жасады. Жазғы кезеңде еңбекпен жалпы 28 607 (28,9%) білім алушы қамтылды. Облыста қызығушылығы бойынша 767 үйірмелер және 44 аула клубтары жұмыс жасады, онда 10 214 (10,3%) білім алушы шығармашылық жұмыспен шұғылданды. Спорттық-туристік қамтылумен 7 134 (7,2%) білім алушы, зияткерлікпен және халықаралық ынтымақтастықпен 3 096 (3,1 %) білім алушы қамтылды.

Жазғы кезеңде бос уақыттың барлық түрімен 49 051 (49,6%) білім алушы қамтылды, бұл 2013 жылғы (33 276 адам) көрсеткішке қарағанда 15 775 адамға артты.

Басқа санаттағы балалардың демалысы, сауықтырылуы мен жұмыспен қамтылуы 34 032 білім алушыны немесе 96,8 % пайызды құрады. Әлеуметтік-қорғалмаған бөліктен шыққан балаларға аса назар аударылды. Демалыстың барлық түрімен 16 635 баланың ішінен 16 464 білім алушы қамтылды, ол 99,2 % пайызды (2013 жылы - 99,1 %) құрайды:

- патранаттық тәрбиеде және қамқорлықтағы жетім балалар – 1 549 адам (99,3%);

- мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедек балалар – 1 529 адам (94,1%);

- ата-анасы мүгедек отбасылардан шыққан балалар – 255 адам (95,9%);

- көпбалалы отбасылардан шыққан балалар - 2857 адам (99,2%).

Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар және білім беру ұйымдарындағы жетім балалар жазғы демалыстың барлық түрімен 100 % қамтылды.

Білім беру ұйымдарында девианттық тәртіптегі балалар ерекше бақылауда болды. Ағымдағы жылы демалыспен және сауықтырылумен ІІБ тізімінде (100 %) тұрған 423 білім алушы және мектепшілік бақылауда (100 %) тұрған 1049 білім алушы, жағдайы төмен отбасылардан шыққан 955 бала (96,8%) қамтылды.